

Павлодар ауданы халқының нысаналы топтарынан жұмыссыздарды жұмыспен қамту саласында әлеуметтік қорғау жөнінде 2012 жылға арналған қосымша шаралар туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Павлодар аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 20 тамыздағы N 396/8 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 11 қыркүйекте N 3221 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 03 қаңтардағы N 2/1 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар аудандық әкімдігінің 03.01.2013 N 2/1 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5, 7, 18-1, 18-2-баптарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөнінде шаралар туралы" N 836, 2011 жылғы 18 шілдедегі "Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын адамдарды оқытуды, олардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесуді және оларға мемлекеттік қолдау шараларын көрсетуді ұйымдастыру және қаржыландыру қағидасын бекіту туралы" N 815 қаулыларына сәйкес және халықтың нысаналы топтарынан жұмыссыздарды жұмыспен қамтамасыз ету мақсатында, Павлодар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. Еңбек нарығындағы жағдайға және бар бюджет қаражатына сүйене отырып, нысаналы топтарға жататын қосымша тұлғалар тізбесі белгіленсін:

- 1) жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар;
- 2) елу жастан асқан әйелдер және елу бес жастан асқан ер адамдар;
- 3) ұзақ уақыт бойы (бір жылдан артық) жұмыс істемеген тұлғалар;
- 4) отбасында бір де бір жұмыс істейтін адамы жоқ тұлғалар;
- 5) "Павлодар ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жолдамасы бойынша кәсіби даярлау және қайта даярлау курсынан өткен жұмыссыздар.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е.В. Г у б а р е в к е жү к т е л с і н .

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Т. Бастенов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК